



MS Access ортасында сұраныстар құру

Ашимова Т.М.

Сабақтың тақырыбы: MS Access ортасында сұраныстар құру

Сабақтың түрі: аралас сабақ

Сабақтың мақсаты:

- **білімділік:** MS Access деректер қорында сұраныс құрудың негізгі түрлерімен таныстыру, деректер қорын жинақтауда сұраныс құру дағдыларын қалыптастыру;
- **дамытушылық:** Өз бетімен іздену, білімдерін іс – жүзінде қолдана білу дағдыларын, танымдық шығармашылық белсенділіктерін дамыту.
- **тәрбиелік:** Деректер қорында мәліметтермен жұмыс істеуде шапшаңдыққа, ұқыптылыққа және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Дербес компьютер, интерактивті тақта, слайдтар, флипчарт, ActivOte тестілеуші құралы

Таратылатын материалдар: үлестірмелі қима қағаздар

Пән аралық байланыс: математика, география, тарих

Сабақтың құрылымы:

1. Оқушылық деңгей (Ауызша сұрақтар)
2. Алгоритмдік деңгей («Дұрыс тізбек құр», «Сәйкестікті тап»)
3. Шығармашылық деңгей (Тапсырмаға Access ортасында сұраныстар құру)

Қолданылатын әдебиеттер:

1. Н.Т. Ермаков «Информатика». Фолиант, 2007ж
 2. Исаев С.Ә., Мұхамади А.Н., Ахметова О.С.
«Компьютерлік технология негіздері курсына арналған практика». Алматы 2000ж.
- Қосымша: ИНФОРМАТИКА пәнінен оқу құралы.

Сабақ жоспары:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын тексеру

Қайталау сұрақтарына жауап беру, кестелерді толтыру

III. Жаңа сабақ.

Сұраныс ұғымымен, MS Access-те сұраныс құру жолдарымен таныстыру және сұраныстарды өткен сабақтағы кестелерді пайдалану арқылы құрып үйрету.

Жаңа білімді бекіту. Сабақты бекіту тапсырмаларын орындау. Интерактивті тақтада ActivOte құралын пайдаланып тест тапсыру.

Білімгерлердің білімін бағалау.

Үй тапсырмасын беру

Қорытынды

II. Үй тапсырмасын тексеру

1.Қайталау сұрақтары:

1. Access берілгендер қорының қызметі қандай?
2. Access –тің мәліметтер қорын құруға арналған объектілері неден тұрады?
3. Access-те кесте құрудың қандай жолдары бар?
4. Access-те мәліметтерді енгізудің қандай типтері берілген?
5. Үлкен көлемді мәтінді енгізуге арналған мәтіндер типін атаңыз
6. Мультимедиялық объектілерді енгізуге арналған мәліметтер типі

2.Үйге берілген тапсырма бойынша «Топтар» және «Бағалар» кестелерін толтырту

Бағалар : таблица

	Аты-жөні	Информатика	Химия	Математика	Тарих	География
	Азиханова М.	4	4	3	4	4
	Байназарова С.	4	4	4	5	3
	Жаппасбаев Қ.	5	5	3	4	3
	Сайлау Д.	4	4	3	4	4
▶	Тойбаева А.	5	4	4	4	5
*		0	0	0	0	0

Запись: 5 из 5

Топтар : таблица

	Аты-жөні	Тобы	Туған жылы	телефоны
	Азиханова М.	1 ПВТ 12-1	11.02.1997	7-56-98
	Байназарова С.	1 ПВТ 12-1	25.05.1996	43-86-40
	Жаппасбаев Қ.	1 ПВ 12-1	17.01.1996	45-28-74
	Сайлау Д.	1 СЭС 12-1	10.03.1996	56-32-14
..	Тойбаева А.	1 УиА 12-1	27.07.1996	7-12-36
*				

Запись: 5 из 5

«Дұрыс тізбек құр» тапсырмасы

1. Мәліметтер базасын құру жолын жаз

- Жаңа мәліметтер қоры
- Файл
- Құру

2. Конструктор арқылы кесте құру жолы

- Құру
- Конструктор режимінде кесте құру
- Кесте

«Сәйкестікті тап» тапсырмасы

Өріс аты	Өріс типі
Аты-жөні	Дата/время
Бағасы	текстовый
Туған жылы	Текстовый
Ұялы телефоны	OLE
Сурет	Числовой

Дұрыс жауабы

Өріс аты	Өріс типі
Аты-жөні	Текстовый
Бағасы	Числовой
Туған жылы	Дата/время
Ұялы телефоны	текстовый
Сурет	OLE


III. Жаңа сабақ

- Сабақ барысында қарастырылған “Топтар” және “Бағалар” кестелерінен қорытынды “Тізім” кестесін құру керек, яғни бар мәліметтерден өрістері: аты-жөні, топ, информатика, география болатын жаңа “Тізім” кестесін шығару керек.
- Екі немесе бірнеше кестеден қажетті мәліметтерді іріктеп алуды **сұраныс** деп атаймыз.
- *Бүгінгі сабақтың мақсаты сұраныстар құруды үйрену.*

Сабақтың жоспары:

1. Сұраныс ұғымы
2. Сұраныс құру тәсілдері
3. Сұраныс түрлері
4. Мысалдар

- Сұраныстар арқылы бір немесе бірнеше байланысқан кестелерден берілгендерді, анықталған шарт бойынша, іріктеп алуға болады. Access-тесұраныс құрудың бірнеше тәсілдері бар. Олар *Сұраныс* жапсырмасындағы **Құру** түймесі басылғанда пайда болатын *Жаңа сұраныс* терезесінде көрсетілген.



SQL сұраныс командасы

- SELECT Бағалар.[Аты-жөні], Бағалар.Информатика, Бағалар.География FROM Бағалар;

The screenshot shows a database query tool interface. The main window is titled "Бағалар Запрос : запрос на выборку". It displays a query window with a table structure and a results window showing the output of the query.

Бағалар

Аты-жөні	Информатика	География
Азиханова М.	4	4
Байназарова С.	4	3
Жаппасбаев Қ.	5	3
Сайлау Д.	4	4
Тойбаева А.	5	5
	0	0

Field: Аты-жөні, Информатика, География
Table name: Бағалар, Бағалар, Бағалар
Sorting:
Output on screen:
Selection condition:
or:
Record: 6 / 6

Нәтижесі

Өріс бойынша сұрыптау сұранысы

SELECT Топтар.[Аты-жөні], Топтар.Тобы, Топтар.[Туған жылы]

FROM Топтар **ORDER BY** Топтар.[Аты-жөні];

Конструктор терезесі

Топтар Запрос : запрос на выборку

Топтар

- *
- Аты-жөні
- Тобы
- Туған жылы
- телефоны

Поле: Аты-жөні

Имя таблицы: Топтар Топтар Топтар

Сортировка: по возрастанию

Вывод на экран:

Условие отбора:

или:

Сұраныс нәтижесі

Топтар Запрос : запрос на выборку

Аты-жөні	Тобы	Туған жылы
Азиханова М.	1 ПВТ 12-1	11.02.1997
Байназарова С.	1 ПВТ 12-1	25.05.1996
Жаппасбаев Қ.	1 ПВ 12-1	17.01.1996
Сайлау Д.	1 СЭС 12-1	10.03.1996
Тойбаева А.	1 УиА 12 -1	27.07.1996

Запись: 6 из 6

Іріктеу шарты бойынша сұраныс құру

- SELECT Бағалар.[Аты-жөні], Топтар.Тобы, Бағалар.Информатика, Бағалар.География
- FROM Бағалар INNER JOIN Топтар ON Бағалар.[Аты-жөні] = Топтар.[Аты-жөні]
- WHERE (((Топтар.Тобы)="1 ПВТ 12-1"));

Запрос1 : запрос на выборку

Бағалар

- * Аты-жөні
- Информатика
- Химия
- Математика

Топтар

- * Аты-жөні
- Тобы
- Туған жылы
- телефоны

Жалауша белгісі өрісті көрсетуді білдіреді

Поле: Аты-жөні Тобы Информатика География

Имя таблицы: Бағалар Топтар Бағалар Бағалар

Сортировка:

Вывод на экран:

Условие отбора: "1 ПВТ 12-1"

или:

Іріктеу шарты

Запрос1 : запрос на выборку

	Аты-жөні	Тобы	Информатика	География
	Азиханова М.	1 ПВТ 12-1	4	4
	Байназарова С.	1 ПВТ 12-1	4	3

Запись: 3 из 3

Нәтижесі



Сабақты бекіту

Бекіту сұрақтары

- Сұраныс дегеніміз не?
- Сұраныс құрудың тәсілдерін атаңыз?
- Сұраныс құрылымы қалай өзгертіледі?
- Сұраныс құру үшін берілетін іріктеу шартының өрнегі қандай типте болады?
- Өрнекте тырнақша мен леп белгісі не үшін қолданылады?
- Өрнекке қажетті символдарды қалай енгізуге болады?

Тапсырмалар

- “Кітап” кестесін құру (автор, аты, шығарма түрі)
- “Кітапхана” кестесін құру (кітап аты, бағасы, саны)
- Сұраныстар құру:
 1. Роман жазған авторларды іріктеу
 2. Тиражы 500-ден асатын кітаптарды шығару

Білімгерлердің білімін бағалау

№	Аты – жөні	Ауызша сұрақ	Өткен тақ. қайталау	Тест	Бекіту	Қорытынды
1		△	□	4	□	4
2		△	□	5	☆	5
3		□	□	3	□	4
4		☆	□	5	□	4
5		□	□	4	□	5
6		☆	□	4	□	5
7		☆	☆	4	☆	5
8		□	□	5	☆	5
9		□	□	5	□	4
10		☆	☆	5	☆	5
11		□	☆	5	☆	5
12		△	□	4	☆	5
13		□	□	5	☆	5
14		□	□	3	□	4
15		☆	□	5	☆	5

Үйге тапсырма

Екі кестеден тұратын мәліметтер қорын құру

1. “Мемлекет” кестесінің өрістері:

- Аты, Астанасы, Мемлекет орналасқан құрылық аты

2. “Мәлімет” кестесінің өрістері:

Аты, Халық саны, Мемлекеттік құрылымы, Негізгі мамандығы

3. Сұраныс құру

А) Халқының саны 100000-нан асқан Азия мемлекеттері

Ә) Монархиялық мемлекеттерді іріктеу

Қорытынды

Сабақты қорытындылау
“Инсерт” кестесін толтыру